ЖОБА

# «Өздігінен жүрмейтін кеменің шкипері» кәсіби стандарты

## 1. Жалпы ережелер

«Өздігінен жүрмейтін кеменің шкипері» кәсіби стандарты білім беру бағдарламаларын қалыптастыруға, оның ішінде кәсіпорындардағы персоналды оқытуға, білім беру мекемелеріндегі қызметкерлер мен түлектерді сертификаттау үшін материалдар әзірлеуге, персоналды басқару саласындағы кең ауқымды міндеттерді шешуге арналған.

Осы кәсіби стандарт негізінде ұйымдар өндірісті ұйымдастырудың, еңбек пен басқарудың ерекшеліктерін және олардың жауапкершілігін есепке ала отырып, кәсіби білімнің деңгейін, еңбек функцияларының тізбесін, білімдерін, біліктері мен дағдыларын нақтылай отырып, ішкі қолдану үшін қызметкерлерге арналған корпоративтік кәсіби стандарттар әзірлеуі мүмкін.

2. Осы кәсіби стандартта мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) біліктілік – қызметкердің нақты еңбек функцияларын сапалы орындауға дайын болу дәрежесі;

2) біліктілік деңгейі – еңбек іс-қимылдарының күрделілігі, стандартты еместігі, жауапкершілігі мен дербестілігі өлшемдеріне қарай сараланатын қызметкердің даярлығы мен құзыретінің деңгейіне қойылатын талаптар жиынтығы;

3) еңбек функциясы – еңбек процесінің бір немесе бірнеше міндеттерін шешуге бағытталған өзара байланысты іс-қимылдар жиынтығы;

4) кәсіби стандарт – кәсіби қызметтің нақты саласында біліктілік деңгейіне, құзыреттеріне, еңбек мазмұнына, сапасына және жағдайларына қойылатын талаптарды айқындайтын стандарт;

5) кәсіби кіші топ – еңбек функцияларының және оларды орындау үшін қажетті құзыреттердің біртұтас жиынымен қалыптастырылған кәсіптер жиынтығы;

6) кәсіби топ – жалпы интеграциялық негізі бар және оларды орындау үшін еңбек функцияларының және құзыреттерінің ұқсас жиынтығын болжайтын кәсіби кіші топтардың жиынтығы;

7) кәсіп – арнайы дайындық нәтижесінде игерілетін және білім туралы тиісті құжаттармен расталатын белгілі бір білімді, білікті және тәжірибелік дағдыларды талап ететін адамның еңбек қызметіндегі кәсіптерінің негізгі түрі;

8) салалық біліктілік шеңбері – салада танылатын біліктілік деңгейлерін құрылымдық жағынан сипаттау;

9) ұлттық біліктілік шеңбері – еңбек нарығында танылатын біліктілік деңгейлерін құрылымдық жағынан сипаттау.

3. Осы кәсіби стандартта мынадай қысқартулар пайдаланылады:

1) СБШ – салалық біліктілік шеңбері;

2) БТБА – Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы;

3) БА – басшылардың, мамандардың және басқа да қызметшілердің лауазымдарының біліктілік анықтамалығы.

## 2. Кәсіби стандарттың паспорты

4. Кәсіби стандарттың атауы: «Өздігінен жүрмейтін кеменің шкипері».

5. Кәсіби стандартты әзірлеу мақсаты: қызметкерлердің білімдеріне, біліктіліктеріне, дағдыларына және жеке құзыреттіліктеріне қойылатын талаптарға сәйкес келетін еңбек функцияларын жүйелі және құрылымдық сипаттау.

6. Кәсіби стандарттың қысқаша сипаттамасы: техникалық қамтамасыз ету қағидаларына сәйкес кеме техникаларын техникалық пайдалану және күтіп-ұстауды қамтамасыз ету

7. Негізгі топ: Көлік.

8. Кәсіби топ: Су көлігі

9. Кәсіби кіші топ: теңіз және жағалау жүк көлігі .

## 3. Кәсіптер карточкалары

10. Кәсіптер тізбелері:

Шкипердің көмекшісі – СБШ бойынша 3-біліктілік деңгейі;

Шкипер – СБШ бойынша 4-5-біліктілік деңгейі;

Кәсіптер карточкасы осы кәсіби стандартқа 1-қосымшада берілген.

Кәсіби біліктілік картасы осы кәсіби стандартқа 2-қосымшада келтіріледі.

«Өздігінен жүрмейтін кеменің шкипері»
кәсіби стандартына
1-қосымша

| «Шкипер» КӘСІБІНІҢ КАРТОЧКАСЫ | |
|---|---|
| Коды | 8340 «Теңіз және өзен кемелерінің палуб командасының мүшелері және ұқсас кәсіптердің жұмысшылары». |

| | |
|---|---|
| Кәсібі | Шпикердің көмекшісі |
| СБШ бойынша біліктілік деңгейі | 3. Практикалық тәжірибесі және/немесе кәсіби дайындығы (бір жылға дейінгі кәсіби дайындық бағдарламалары бойынша білім беру ұйымдарының базасындағы курстар немесе кәсіпорындардағы оқыту). Негізгі орта білім беру базасында техникалық және кәсіби білімі немесе практикалық тәжірибесінсіз жалпы орта білімі бар болған кезде. |
| БТБА бойынша біліктілік деңгейі | БТБА бойынша 3-разряд, (52-шығарылым. «Теңіз және өзен көлігі» Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2013 жылғы 3 қыркүйектегі №426-ө-м бұйрығымен бекітілген. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Нормативтік құқықтық актілер тізілімінде 2013 жылғы 3 қазанда № 8770 тіркелген). |
| Еңбек функциялары | 1) Өздігінен жүрмейтін кемені тиісінше ұстауды қамтамасыз ету.<br>2) Өздігінен жүрмейтін кемені тексеруге және қадағалау органдарына куәландыруға уақтылы ұсыну. |
| 1-еңбек функциясы<br><br>Өздігінен жүрмейтін кемені тиісінше ұстауды қамтамасыз ету | **Білігі мен дағдылары:**<br>1. Корпусты, такелажды, желкендерді, жабдықтарды жөндеу дағдылары.<br>2. Қозғалтқыштарға, жүйелерге, механизмдерге қарапайым қызмет көрсете білу<br>3. Кеме құрылғысының негізгі қағидаттарын түсіну<br>4. Әртүрлі жағдайларда орналасқан жерін айқындау |
| | **Білімі:**<br>1. Ішкі суда жүзетін кемелерді техникалық пайдалану қағидасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 21 маусымдағы № 680 қаулысымен бекітілген.<br>2. Пайдаланылған кемелерді куәландыру қағидасы Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2011 жылғы 21 сәуірдегі № 216 бұйрығымен бекітілген.<br>3. Кемелерді жөндеу қағидасы Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 201 бұйрығымен бекітілген.<br>4. Жүктің және жүк операцияларының кемені отырғызуға және тұрақтылығына әсері. |
| 2-еңбек функциясы<br><br>Өздігінен жүрмейтін кемені тексеруге және қадағалау органдарына куәландыруға уақтылы ұсыну | **Білігі мен дағдылары:**<br>1. Жөндеу ведомостілерін құрастыру<br>2. Кеме қондырғыларының жұмыс істеу қағидаттары және техникалық сипаттары<br>3. Кеме мұқтаждары үшін бұйымдарды, материалдарды, отын мен суды дұрыс пайдалану.<br>4. Өздігінен жүрмейтін кеменің техникалық құралдарын экипаж мүшелерінің арасында бөлу. |
| | **Білімі:**<br>1. Ішкі суда жүзетін кемелерді техникалық пайдалану қағидасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 |

| | |
|---|---|
| | жылғы 21 маусымдағы № 680 қаулысымен бекітілген.<br>2. Кеме құжаттамасын және есептілігін жүргізу жөніндегі нұсқаулық.<br>3. Кемелерді жөндеу қағидасы Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 201 бұйрығымен бекітілген.<br>4. Өздігінен жүрмейтін кеменің техникалық құралдарың жұмыс істеу қағидаттары және техникалық сипаттары.<br>5. Шкиперлік мүлікті және бұйымдарын пайдалану, оны жөндеу және сақтау қағидалары.<br>6. Еңбекті қорғау жөніндегі қағидалар мен нұсқаулықтар, жұмыстың қауіпсіз әдістері мен тәсілдері. |
| **«Шкипер» КӘСІБІНІҢ КАРТОЧКАСЫ** | |
| Коды | 3142 «Капитандар мен лоцмандар» |
| Кәсібі | Шкипер |
| СБШ бойынша біліктілік деңгейі | 4. Негізгі орта білім беру базасында техникалық және кәсіби білімі мен практикалық жұмыс тәжірибесі бар болған кезде.<br>Практикалық жұмыс тәжірибесінсіз жоғары деңгейдегі техникалық және кәсіби білімі (қосымша кәсіби дайындығы немесе орта білімнен кейінгі білімі). |
| БА бойынша біліктілік деңгейі | Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 3 желтоқсандағы № 232 бұйрығымен бекітілген халықаралық теңіз сауда портының басшылары мен мамандарының лауазымдарының біліктілік анықтамалығына сәйкес еңбек өтіліне қойылатын талаптарсыз теңіз кемесінің машиналарымен, тетіктерімен және электр жабдықтарымен байланысты техникалық лауазымдарға арнаулы орта білімі мен еңбек өтілі |
| Еңбек функциялары | 1. Жүктерді қауіпсіз тиеу және түсіру, жүзудің қауіпсіз жолдарын таңдау және кәсіпшілікті жүргізу, экипаж бен жолаушылардың жүзу қауіпсіздігін және рәсімдерін сақтауы бойынша қолданыстағы нұсқаулықтар мен ұсынымдарды орындауды қамтамасыз ету<br>2. Кеменің қолданыстағы ерекшеліктер мен нормативтерге сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында оларды пайдалану мен жөндеу үшін техникалық қадағалауды жүзеге асыру. |
| 1-еңбек функциясы<br><br>Жүктерді қауіпсіз тиеу және түсіру, жүзудің қауіпсіз жолдарын таңдау және кәсіпшілікті жүргізу, экипаж бен жолаушылардың жүзу | **Білігі мен дағдылары:**<br>1. Жалпы кеме қызметің палубтық және қозғалғыш вахтаны ұйымдастыру және алып жүру<br>2. Кеме экипаждардың порт құрылыстарын және фарвартерлерін күзету туралы қағидалар мен заң ережелерін сақтауын бақылау |

| | |
|---|---|
| қауіпсіздігін және рәсімдерін сақтауы бойынша қолданыстағы нұсқаулықтар мен ұсынымдарды орындауды қамтамасыз ету | **Білімі:**<br>1. Ішкі суда жүзетін кемелерді техникалық пайдалану қағидасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 21 маусымдағы № 680 қаулысымен бекітілген.<br>2. Кеме құжаттамасын және есептілігін жүргізу жөніндегі нұсқаулық.<br>3. Кемелерді жөндеу қағидасы Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 201 бұйрығымен бекітілген.<br>4. Өздігінен жүрмейтін кеменің техникалық құралдарың жұмыс істеу қағидаттары және техникалық сипаттары.<br>5. Шкиперлік мүлікті және бұйымдарын пайдалану, оны жөндеу және сақтау қағидалары.<br>6. Еңбекті қорғау жөніндегі қағидалар мен нұсқаулықтар, жұмыстың қауіпсіз әдістері мен тәсілдері.<br>7. Порт рәсімдерін жинақтау. Кеме жүргізу және кемелерді заманауи жабдықтармен және навигация құралдарымен жарақтандыру.<br>8. Кемені навигациялық жабдықтармен, байланыс құралдарымен, авариялық мүлікпен, құтқару құралдарымен және жүзудің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін басқа да жабдықтармен жабдықтау нормалары. |
| 2-еңбек функциясы<br><br>Кеменің қолданыстағы ерекшеліктер мен нормативтерге сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында оларды пайдалану мен жөндеу үшін техникалық қадағалауды жүзеге асыру. | **Білігі мен дағдылары:**<br>1. Кеме жүргізу проблемаларын шешу кезінде кемені пайдалану және басқару саласындағы теоретикалық және практикалық білімдері мен дағдыларын қолдану.<br>2. Міндеттерін ұстау бойынша ұқсастарын орындау. |
| | **Білімі:**<br>1. Ішкі суда жүзетін кемелерді техникалық пайдалану қағидасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 21 маусымдағы № 680 қаулысымен бекітілген.<br>2. Кеме құжаттамасын және есептілігін жүргізу жөніндегі нұсқаулық.<br>3. Кемелерді жөндеу қағидасы Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 201 бұйрығымен бекітілген.<br>4. Өздігінен жүрмейтін кемелердің жұмыс қағидаттары және техникалық сипаттамалары.<br>5. Шпикерлік мүліктер мен мүкәммалды пайдалану, оны жөндеу және сақтау қағидалары.<br>6. Еңбекті қорғау жөніндегі қағидалар мен нұсқаулықтар, жұмыстың қауіпсіз әдістері мен тәсілдері.<br>7. Порт рәсімдерін жинақтау. Кеме жүргізу және кемелерді заманауи жабдықтармен және навигация құралдарымен жарақтандыру.<br>8. Кемені навигациялық жабдықтармен, байланыс құралдарымен, авариялық мүлікпен, құтқару құралдарымен және жүзудің қауіпсіздігін қамтамасыз |

| | |
|---|---|
| | ететін басқа да жабдықтармен жабдықтау нормалары. |
| **«Шкипер» КӘСІБІНІҢ КАРТОЧКАСЫ** | |
| Коды | 3142 «Капитандар мен лоцмандар» |
| Кәсібі | Шкипер |
| СБШ бойынша біліктілік деңгейі | 5. Техникалық және кәсіби білімі (немесе жалпы орта білімнен кейінгі білімі), практикалық тәжірибесі немесе жоғары білімі, практикалық тәжірибесінсіз қосымша кәсіби білім беру бағдарламалары. |
| БА бойынша біліктілік деңгейі | Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 3 желтоқсандағы № 232 бұйрығымен бекітілген халықаралық теңіз сауда портының басшылары мен мамандарының лауазымдарының біліктілік анықтамалығына сәйкес еңбек өтіліне қойылатын талаптарсыз теңіз кемесінің машиналарымен, тетіктерімен және электр жабдықтарымен байланысты техникалық лауазымдарға арнаулы орта білімі мен еңбек өтілі |
| Еңбек функциялары | Порттағы кеменің көшпелі жауын-шашынды анықтауын, порттық құрылыстардың техникалық жағдайына және оларды пайдалануға қадағалауды жүзеге асырады. |
| 1-еңбек функциясы<br><br>Порттағы кеменің көшпелі жауын-шашынды анықтауын, порттық құрылыстардың техникалық жағдайына және оларды пайдалануға қадағалауды жүзеге асырады. | **Білігі мен дағдылары:**<br>1. Кеме жүргізу проблемаларын шешу кезінде кемені пайдалану және басқару саласындағы теоретикалық және практикалық білімдері мен дағдыларын қолдану<br>2. Кеме экипаждардың порт құрылыстарын және фарвартерлерін күзету туралы қағидалар мен заң ережелерін сақтауын бақылау |
| | **Білімі:**<br>1. Ішкі суда жүзетін кемелерді техникалық пайдалану қағидасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 21 маусымдағы № 680 қаулысымен бекітілген.<br>2. Кеме құжаттамасын және есептілігін жүргізу жөніндегі нұсқаулық.<br>3. Кемелерді жөндеу қағидасы Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 201 бұйрығымен бекітілген.<br>4. Өздігінен жүрмейтін кемелердің жұмыс қағидаттары және техникалық сипаттамалары.<br>5. Шпикерлік мүліктер мен мүкәммалды пайдалану, оны жөндеу және сақтау қағидалары.<br>6. Еңбекті қорғау жөніндегі қағидалар мен нұсқаулықтар, жұмыстың қауіпсіз әдістері мен тәсілдері.<br>7. Порт рәсімдерін жинақтау. Кеме жүргізу және |

| | | |
|---|---|---|
| | кемелерді заманауи жабдықтармен және навигация құралдарымен жарақтандыру.<br>8. Кемені навигациялық жабдықтармен, байланыс құралдарымен, авариялық мүлікпен, құтқару құралдарымен және жүзудің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін басқа да жабдықтармен жабдықтау нормалары. | |
| Жеке құзыреттіліктерге қойылатын талаптар | Өз бетінше шешім қабылдау қабілеттілігі.<br>Өзіне жауапкершілік алу қабілеті.<br>Командада жұмыс істей білуі. | |
| СБШ шеңберіндегі басқа кәсіптермен байланыс | 3142 Кәсіптің коды | Лоцман |
| Кәсіби стандарттың техникалық деректері | | |
| Әзірлеген | «Смағұлов» ЖК | |
| Нұсқа нөмірі және шығарылған жылы | 1-нұсқа, 2015 жыл | |
| Болжамды қайта қарау күні | 2018 год | |

«Өздігінен жүрмейтін кеменің шкипері»
кәсіби стандартына
2-қосымша

Кәсіби біліктілік картасы*

| Жұмыскердің кәсібі | Біліктіліктің ұлттық шеңберіне (біліктіліктің салалық шеңберіне) біліктілік деңгейі |
|---|---|
| - | 8-ші |
| - | 7-ші |
| - | 6-шы |
| Шкипер | 5-ші |
| Шкипер | 4-ші |
| Шкипердің көмекшісі | 3-ші |
| - | 2-ші |
| - | 1-ші |

* 2015 жылғы біліктіліктің қолданыстағы ұлттық шеңберіне сәйкес кәсіптер.